

2013 жылға мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 4 мамырдағы N 17/02 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 30 мамырда N 2337 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 31-бабы 1) тармақшасына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7-бабының 5-2) тармақшасына сәйкес жұмысқа орналастыруға мұқтаж мүгедектерді жұмыспен қамтуға жәрдемдесу мақсатында аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2013 жылға мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының жалпы санының үш пайызы мөлшерінде жұмыс орындарына квота белгіленсін.

2. "Бұқар жырау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Н.Г. Алексеева) квоталанған жұмыс орындарына мүгедектердің жұмысқа орналастыруына жәрдем жасасын.

3. Осы қаулы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ш. Мамалинов